

■ САҒЫНЫШ САЗЫ

ҚАЗИХАНДЫ ҚАЛАЙ ҰМЫТАЙЫН?



ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛҒАН ҒҰМЫРДЫҢ ЖЕР БЕСІКТЕ ТӘММ БОЛАТЫНЫ ӨМІРДІҢ АЙНЫМАС ЗАНДЫЛЫҒЫ ҒОЙ. ОСЫ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА ӨРБІР ПЕНДЕ ӨЗ МАҢДАЙЫНА ЖАЗҒАН ТАҒДЫРАЙ БАСТАН КЕШІРЕРІ ХАҚ. АЛ СОЛ ПЕНДЕНІҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ ЫСТЫҚ ТА ҚАДІРІ ЖАНДАРДЫҢ БІРІ – БІР ҚҰРСАҚТАН ӨРБИГЕН БАУЫРЫҢ. ЖАСЫМ ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ УАҚЫТТЫ БАҒЫНДЫРАП СӘТТЕ ТУҒАН БАУЫРЫҢДЫ ЖОҚТАУ, ҚОЛҒА ҚАЛАМ АЛУ ОҢАЙ БОЛМАС. ДЕСЕК ТЕ ШЕРМЕНДЕ КӨНІЛДЕ ҚАЛҒАН САҒЫНЫШТЫ ҚАҒАЗ БЕТІНЕ ТҮСІРУДІ МАҚСАТ ТҮТТИМ.

еңбек жолын жалғастырды. Осынау қызметті атқара жүріп 8, 9, 10 сыныптарды кешкі мектепте оқып бітіріп шықты. Бұл сол кездегі Кеңес үкіметінің ауыл балалары үшін жасаған қолдауы болатын. Ал 1958 - 1961 жылдар аралығында солдат шинелін киіп Кеңес әскері қатарына шақыртылып, Өзбекстан мемлекетінің Ауғанстанмен шекаралас орналасқан Термез қаласында борышын өтеді. Тепсе темір үзетін, шымыр жігіт әскери бөлімше басшыларының көзіне бірден түсіп, нәтижесінде «Отличный пограничник» төсбелгісімен марапатталды.

Зулаған уақыт жас жігіттің туған жерге деген сағынышын құстай алып ұшып, елге аман-есен оралды. Албырт жас 1962 жылы Кулагино селосындағы әйгілі «Казсельхозтехника» мекемесіне слесарьдың көмекшісі болып жұмысқа қабылданған. Осы жұмыста жүріп I, III разрядты слесарь дәрежесіне көтерілді. 1963 жылы Гурьев қаласындағы жүргізушілер дайындайтын арнайы оқу орнында автокөлік жүргізушісі мамандығын игеріп шыққан. Білімін толықтырып келген жас маман 4, 5 разрядты слесарь дәрежесіне дейін көтеріліп, қажырлы еңбегі үшін бірнеше мәрте бағалы сыйлықтарға ие болды. Әсіресе еңбектегі жоғары көрсеткіші үшін «Социалистік жастың жеңілісі» төсбелгісімен марапатталып, есімі құрмет тақтасына жазылды.

Үй болмай күй болмайтын жете түсінген бауырым 1964

жылыдан қазан айында Балзиба Нұрмағанбетқызымен отау құрып, шаңырақ көтерді.

Бауырым өмір сүрді өнегелі, Нық тігіп шаңырақты, керегені. Өмірге ұрпақ келді, ұл-қыз сүйді, Жанұясы болды үлгілі, берекелі. Ал 1967 жылы алдыңғы қатарлы жұмысшы ретінде коммунистік партия қатарына қабылданып, 1969 жылдың қазан айында партия комитетінің жолаушысымен аудандық ішкі істер бөліміне жұмысқа жіберілген. Алдымен Павлодар қаласындағы милиция мектебінде білім алып, 1977 жылы Алматы қаласындағы милиция мектебінде білімін жетілдірді. Ішкі істер бөлімінде мемлекеттік автоинспектор болып, яғни айтқанда жол ережесін бұзғандармен жұмыстар жүргізген, сонымен қатар істі болғандармен (сотталғандармен) де азаматтарды дұрыс жоғға салудың шараларын ұйымдастырып, олардың елінің тең құқылы азаматтары екендігін түсіндіруге атсалысты. «Еңбек ер атандыра» дегендей, «Елеулі еңбегі үшін – 10 жыл, 15 жыл» және «Мінсіз қызметі үшін» медалдарымен марапатталды.

Осы мекемеде 1983 жылдың желтоқсан айына дейін жұмыс жасап, денсаулығына байланысты райпо мекемесіне механик болып жұмысын ауыстырды. Сондай-ақ 1986 жылы «Казсельхозтехника» мекемесіне шаруашылық менеджері болып жұмысқа орналасты. Осы мекемеде 2000 жылға дейін абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты.

2012 жылы сүйікті қызы Айман

46 жасында өмірден өтті, осы қасіреттен 2013 жылы өмірлік жары дүниеден озды. Бұл оның жүрегіне ауыр соққы болғанмен, ол сабыр сақтап, ұрпағына сүйеніш бола білді. Айманның жұбайы, Қазихан ініміздің күйеу баласы Аманғали да өз ісімен елге сыйлы азамат. Ол өмірлік жолында бар жауапкершілікті өз мойнына алып, 5 баласын және марқұм аға-жеңгенің 3 баласын бауырына басып, тәрбиелеп өсірді. Ұлын ұяға қондырып, қыздарын қияға ұшырды. Аманғали бүгінде жеке кәсіпкер, елге қамқор, қолы ашық азамат ретінде танылған. Ауылдағы игі істерге әрдайым үлес қосып келеді.

Қазихан сабырлы мінезімен, кең пейілімен және адамгершілігімен көптің жүрегінен орын алды. Құдай қосқан қосағы Балзиба екеуі бірге 49 жыл ғажап ғұмыр кешіп, өмірге алты қыз, бір ұл әкеліп, оқытып, өнегелі тәрбие беріп, ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, балаларын бір-бір шаңырақ етті. Ол отбасына берік, балалары мен немерелеріне мейрімді әке, ақылғой ата болды. Оның өмір жолы – адалдықтың, еңбекқорлықтың және ізгілік пен сабырлықтың үлгісі. Көрінген ұрпағынан 15 жиен, 2 немере және 10 шөбере сүйіп, бытыр мынау жалған дүниеден бақұласқан болатын.

Бауырымыздың жарқын бейнесі, ақжарқын жүзі мен дана сөздері ұрпағының жадында мәңгі сақталады.

Жаның жәннатта, рухың пейіште шалқысын, жан бауырым.

Нұрман ҚАРАБАЛИН,
Қазақстан
Республикасының су
шаруашылығына еңбегі
сінген ардагері,
Атырау облысының
және Инаер
ауданының Құрметті азаматы

PR

Құрметті Атырау облысының тұрғындары!

Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті салықтарды ағымдағы жылдың соңына дейін төлеу қажеттігін ескертеді!

Берешектің бар-жоғын тексеруге болады:

• Мемлекеттік кірістер комитетінің сайты арқылы: kgd.gov.kz,

• Бірыңғай байланыс орталығы арқылы: 1414.

Жаңа жылды таза парақтан бастаңыз – салықтық міндеттемелеріңізді уақытылы орындаңыз!

Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті

■ НАЗАР АУДАР!

САТЫП АЛЫНҒАН АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ БАСЫНЫҢ СУБСИДИЯ НОРМАТИВІ ӨСТІ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен бекітілген «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау» қағидаларына ағымдағы жылдың 20 қараша енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, сатып алынған асыл тұқымды мал басының субсидия нормативі өсті. Атап айтқанда:

Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы:
1.1. Ет және ет-сүт бағытындағы отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқа сатып алу - 260 000 теңге;
2. Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:

- 2.1. Отандық - 260 000 теңге;
- 2.2. ТМД елдерінен, Украинадан әкелінген - 390 000 теңге;
- 2.3. Австралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен әкелінген - 525 000 теңге.

Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы

- 1. Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:
- 2.1. Отандық - 350 000 теңге;
- 2.2. ТМД елдерінен, Украинадан әкелінген - 390 000 теңге;
- 2.3. Австралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен әкелінген - 700 000 теңге.

теңге.

Қой шаруашылығы:

*отандық асыл тұқымды қой басын сатып алу - 26 000 теңге;

*импортталған асыл тұқымды аналық қой басын сатып алу - 52 000 теңге;

*импортталған асыл тұқымды тұқымдық қосқарлар сатып алу - 260 000 теңге.

Өнімділік бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу - 175 000 теңге.

Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу - 175 000 теңге.

Ешкілердің асыл тұқымды аналық басын сатып алу - 70 000 теңге.

Асыл тұқымды жануарлардың барлық түрлерін сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оның сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Бұйрық ағымдағы жылдың 5 желтоқсанда күшіне енеді және субсидия нормативі аталған күннен бастап өзгереді.

Субсидия алуға өтінім қабылдау subsidy.plem.kz ақпараттық жүйесі арқылы ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (өтінім сатып алынған сәттен бастап он екі ай ішінде беріледі) жүргізіледі.

Атырау облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы

Аяулы анамыз, немере-жиендерінің сүйікті әжесі **Кішкентайқызы Ақзияның** 40 күндік қадесі 13 желтоқсан сенбі күні мешіт асханасында берілетінін хабарлаймыз.



Балалары

Шаңырағымызға түскен орны толмас қайғымызға ортақтасып, демеу болған барша ағайын-туыс, құда-жөкеат, дос-жаран, көршілерге, ұжымдастарға, нағашы-жиендерге алғысымызды білдіре отырып, ардақты ана, немере-жиен, шөберелерінің аяулы әжесі Сүйінов Жәрдем зайыбы **Ысқаққызы Сараның** 40 күндік қадесі 14 желтоқсан күні өз шаңырағында (Қазақстан к/сі, 18 үй) өтетінін хабарлаймыз.



Ұрпақтары, Сүйінөвтер әулеті

Асқар тау әке, аяулы жар, қимас бауыр **Ербөлекұлы Алдоңғар** тірі болса, 5 желтоқсанда 80 жасқа толар еді... Тағдыр ол жасқа жеткізбеді. Сағынышпен еске аламыз. Жатқан жері жайлы, жұмақтың төрінде болсын деп дұға бағыштаймыз.



Еске алушы: жары Балжан, балалары, апә-жесдесі Кеңес-Төлеу, бауырлары, жиендері

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз ғой тағдырдың салғанына, Көзіме ып-ыстық жас келеді, Әке, өзіңізді сағынып еске алғанда...

Асыл жар, ардақты әке, немере-жиендерінің сүйікті атасы, қимас бауыр **Усқалиев Мұханғали (Маханай) Сапарұлының** рухына бағышталған жылдық дұға дастарханы 6 желтоқсан күні сағат 12:00-де Индербор кенті, «Бастау» мейрамханасында жайылады.



Усқалиевтер әулеті

ӨШПЕЙТІН САҒЫНЫШ, ӨЛМЕЙТІН БЕЙНЕ



Бүгін біз өмірден озған ардақты ұл, қамқор әке, аяулы жар, қимас бауыр **Байтұрсынұлы Жамбылдың** есімін сағынышпен еске аламыз.

Өмірден озғаныңа 15 жыл өтсе де, жүрегіңдегі сағыныш азайған емес. Артыңда кішкентай болып қалған балаландарың бұл күнде есейіп, өз жолдарын тауып келеді. Әр қадамыңда «әкем болса ғой» деген үміт пен сағыныш бар. Қайғыдан қаңырап қалған анаңның жүрегіне түскен жарасы жазылмаса да, дұғасымен, ақ батасымен балаларыңа әрдайым қамқорлық пен ізгі тілегін арнап келеді.

Ал мен жүрегіңдегі бос кеңістікті сабырға жеңдіріп, сен аманаттаған ұрпағыңды жеткізуге тырыстым. Саған деген сағыныш бір сәтке де басылған емес. Жақсылығың, адамдығың, жан жылуың жүрекке мәңгі қалды.

Жақсының ізі өшпейді. Сенің жақсы атың – бізге қалдырған ең үлкен мұраң.

Жаның жәннатта, мәңгілік мекенің нұрлы болғай. Саған деген сағынышымыз бен дұғамыз таусылмайды.

Сағынышпен еске алушы: жұбайы, жанұясы

Аяулы анамыз, немере-жиен, шөберелерінің сүйікті әжесі **Сұлтанова Зира (Зура) Халелқызының** жыл толу қадесі 14 желтоқсан күні өз шаңырағы, Меңдіғалиев көшесі, 10 үйде өтетінін хабарлаймыз.



Какишевтер әулеті

Құрдасым, 55-ке толар едің бүгін, Жолдастық жылдар көз алдыман сырғыды үнін. Бәрі кеше сияқты күлкің қалды, Сағыныш болып жүрекке тұнған мұңым.

Құрдас досымыз **Ермағанбетов Ержан Сайлауұлы** арамызда болса 55 жасқа толар еді... Тағдыры бұл сәтке жеткізбей, арамыздан келмесе алып кетті. Жаны жәннатта, топырағы торқа, артыңдағы ұрпағына шапағатшы болсын дейміз.



Еске алушы: сыныптас құрдастары

Рақушеблок жеткізіп беруімен. Тел. 87012265016, 87760765016 (19-16)

ЧФ «ДУЛАТ» ЖШС жобадағы қоғамдық пікірталастар арқылы жалпы тыңдаулар өткізеді:

«Атырау облысы Индер ауданы Жамантау кен орнында құм-киыршық тас қоспасын өндіру жөніндегі операциялардың болжамды құнын есептеу және салдарын жою жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Экологиялық реттеу бөлімі, басшысы, тел 8 (7122) 32-55-09. ҚОҚ бөлімі бойынша ескертулер мен ұсыныстар: ekspertizyupr@atygau.gov.kz электрондық мекенжайға қабылданады.

Жобалық құжаттамамен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Discussion/DisHearings> Бірыңғай экологиялық порталында және «Атырау облысы өкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atygau-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 12.12.2025 бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай Экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда көрсетілген мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашысы: ЧФ "ДУЛАТ". Атырау облысы, Индер ауданы, Индерборский ауылы, Кабиева көшесі 7. ЖСН 971240005605. Тел.: 87017455732

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Саркамыс -2 ш.а., 14 к-ше, 37 үй. ЖСН 190940023028. эл. мекен жай: smagulov-r@mail.ru, тел.: 87017455732

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар кезінде алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін gulsim81@list.ru электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.

ТОО ЧФ «ДУЛАТ» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту: Раздел Охраны окружающей среды к «Плану ликвидации и расчете приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче песчано-гравийной смеси месторождения «Жамантау» в Индерском районе Атырауской области»

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», отдел экологического регулирования, руководитель, тел 8(7122)32-55-09. Заключения и предложения к разделу ООС принимаются на электронный адрес: ekspertizyupr@atygau.gov.kz.

С проектной документацией можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Discussion/DisHearings> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/atygau-tabigat?lang=ru>.

Публичные обсуждения состоятся с 12.12.2025г. в течении 10-ти рабочих дней на сайте Единый Экологичский портал. Все замечания и предложения принимаются в указанный период на Едином Экологическом портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор: ТОО ЧФ «ДУЛАТ». Атырауская область, Индерский район, п.Индерборский, улица Кабиева 7. БИН 971240005605. тел.: 87017455732

Разработчик проектной документации: ТОО «GBR PROJECT». Атырауская область, г. Атырау, мкрн. Саркамыс-2, ул.14, дом 37. БИН 190940023028, эл. адрес: smagulov-r@mail.ru, тел.: 87017455732

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности. И при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящейся к намечаемой деятельности по электронному адресу: gulsim81@list.ru